# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 қараша №5165-25-00-2/2535 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы А. Илесбаевтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Жетісай ауданының «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Шымқорған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
талап қоюшы өкілі С. Бишораев

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

Жетісай ауданының «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – талап қоюшы) мен «Шымқорған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2024 жылғы 29 қарашада жалпы сомасы 9 786 904 теңгені құрайтын «Түркістан облысы Жетісай ауданы Қарақай ауылдық округі, Қараөзек елді мекеніндегі И.Аққұл көшесімен Бірлік көшесі аралығына аяқ жол салу жолдарын орнату жұмыстары бойынша құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер жұмысты 31 тамыз 2025 жылға дейін орындауға тиіс болған.

Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2025 жыл.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын тиісті дәрежеде орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, шарт талаптары жауапкер тарапынан тиісті дәрежеде орындалмауына байланысты бүгінгі таңда шарт біржақты бұзылғанын, сондықтан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың талаптарына сай жауапкер өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісті дәрежеде орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта анықталғаны, тараптар арасында 2024 жылғы 29 қарашада жалпы сомасы 9 786 904 теңгені құрайтын «Түркістан облысы Жетісай ауданы Қарақай ауылдық округі, Қараөзек елді мекеніндегі И.Аққұл көшесімен Бірлік көшесі аралығына аяқ жол салу жолдарын орнату жұмыстары бойынша құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарт 2024 жылдан 2025 жылға өтпелі болуына байланысты шарт бойынша жалпы 9 786 904 теңгенің 2024 жылға 7 195 000 теңгесі игеріліп, қалған бөлігі 2 591 904 теңгесі 2025 жылға жоспарланған.

Жауапкер тарапынан 2024 жылға жоспарланған қаржы бойынша жұмыстар тиісті түрде жүргізіліп тапсырыс беруші тарапынан 7 195 000 теңге көлемінде төлем жасалған.

2025 жылы шарт бойынша атқарылатын жұмыстардың 70% орындалған, яғни объектінің асфальт жабынын төсеу жұмыстары қалған, осыған байланысты 2 591 904 теңге көлеміндегі жұмыстар жауапкер тарапынан атқарылмаған, яғни

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.12.2025, судья Байтенов С. К., 19.12.2025

жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамаған, қызметті көрсетпеген.

Нәтижесінде, тапсырыс берушімен жауапкерге 2025 жылы 19 қыркүйекте шартты біржақтама бұзу туралы хабарлама жолданып, Шарт 7 қараша 2025 жылы біржақты бұзылған.

Жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Талап қоюды қарау кезінде, сот жауапкерге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндетті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

АК-нің 359-бабына сәйкес, жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір нақты дәлел ұсынбаған.

Жауапкер шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, шартты орындаудан біржақтама жалтарған.

Яғни, жауапкердің шарт талаптарын орындамауынан талап қоюшы қажетті қызметті алмаған және сатып алу жоспары жүзеге асырылмаған.

Талап қоюшы мен жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Жауапкермен Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі -АПК) 72-бабының талабына сәйкес талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Көрсетілгендер негізінде, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамағанын негізге алып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп санайды, сол себептен талап қоюды қанағаттандыруға жатады деп табады.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Жетісай ауданының «Қарақай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Шымқорған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.



Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.12.2025, судья Байтенов С. К., 19.12.2025

«Шымқорған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.12.2025, судья Байтенов С. К., 19.12.2025